

"Қаныш Сәтпаев атындағы канал" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 8 тамыз N 1217

Орталық Қазақстанды және Астана қаласын сумен жабдықтауды жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - **Кәсіпорын**) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісі функцияларын жүзеге асырушы орган болып айқындалсын.

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі нысанасы сумен жабдықтау саласында шаруашылық қызмет жүргізу болып айқындалсын.

4. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қолдансын.

5. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.12.29. N 1951 P001951_ қаулысымен.

6. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.К. Ахметовке жүктелсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі